

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 24 қыркүйектегі N 111 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 22 қазандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4970 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 144 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014.07.16 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық базаны»"Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, " Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы " және " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4468 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2006 жылғы 13 желтоқсанда N 215 (1021) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесінде :

**б - т а р м а қ т а :**

бірінші абзацтағы "Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясы қайтарылып алынған" деген сөздер "Шетел валютасымен айырбастау

операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясынан айырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

"шетел валюталарымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясы 3 (үш) жылдан астам уақытқа қайтарылып алынған" деген сөздер "шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясынан 3 (үш) жылдан астам уақытқа айырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия" деген сөздер "шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензия" деген сөздермен ауыстырылсын;

11 - тармақта:

бірінші абзацта:

"келіскенге дейін" деген сөздерден кейін "жарғының жаңа редакциясын, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

"немесе жарғының жаңа редакциясын" деген сөздер алынып тасталсын; алтыншы абзацтағы "келісу" деген сөзден кейін "не жарғының жаңа редакциясын келісу" деген сөздермен толықтырылсын;

14 - тармақта:

"филиалына" деген сөзден кейін "Ереженің 2-1-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша өтінішті," деген сөздермен толықтырылсын;

"16-бабының 3) тармағында" деген сөздер "42-бабының 2-тармағының б) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1)," деген цифр мен белгі алынып тасталсын;

15, 17 және 18-тармақтарда "айырбастау операцияларын" деген сөздердің алдында "шетел валютасымен" деген сөздермен толықтырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Уәкілетті ұйым "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің филиалына өтініш жасайды.";

21-тармақта "7 (жеті)" деген цифр және сөз "10 (он)" деген цифрмен және сөзбен ауыстырылсын;

22 және 23-тармақтардағы "айырбастау операцияларын" деген сөздердің алдында "шетел валютасымен" деген сөздермен толықтырылсын;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) айырбастау пункті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4817 тіркелген, "Екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзету мен жайластыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 56 қаулысымен белгіленген талаптарға, сондай-ақ мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

айырбастау пунктiнiң қолма-қол шетел валютасымен жұмыс iстеу бойынша даярлықтан өткен не қолма-қол шетел валютасымен кемiнде 1 (бiр) жыл жұмыс стажы бар кассирiнiң (кассирлерiнiң) болуы;

клиенттер үшiн шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау туралы мәлiметтер бар ақпараттық стендтердiң болуы (кемiнде биiктiгi 40 см және енi 40 см болатын мөлшермен);

айырбастау пунктiнiң үй-жайында банкноталардың түпнұсқалығын айқындаудың кемiнде мынадай 2 (екi) тәсiлiн қамтамасыз ететiн, ақша белгiлерiнiң түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдардың болуы:

банкнотаны ультракүлгiн сәулемен тексеру (қағаздың люминесценциясын және өзгенi тексеру);

банкнотада магниттiк белгiлердiң болуын тексеру.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Айырбастау пунктiнiң Ереженiң 26-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келуiн растайтын құжаттар ретiнде мынадай құжаттар ұсынылады:

екiншi деңгейдегi банктiң кассирде қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша кәсiби даярлығының болуын растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат растаған көшiрмесi не қызметкердiң еңбек қызметiн растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттың (құжаттардың) көшiрмелерiн қоса бере отырып, кассирдiң қолма-қол шетел валютасымен кемiнде 1 (бiр) жыл жұмыс стажын растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат растаған көшiрмесi;

ақша белгiлерiнiң түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдардың сипаттамаларын айқындайтын құжаттың (құжаттардың) көшiрмесi;

банк операцияларын жүргiзуге арналған үй-жайдың дайындық дәрежесi туралы Ұлттық Банк филиалының тексеру актiсiнiң және (немесе) қорытындысының көшiрмелерi.";

29 - тармақта:

төртiншi абзац "айырбастау операцияларын" деген сөздердiң алдында "шетел валютасымен" деген сөздермен толықтырылсын;

бесiншi абзац "филиал туралы" деген сөздердiң алдында "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әдiлет органдарында есептiк тiркеуден өткен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Банктің филиалы айырбастау пунктiнiң орналасқан жерi бойынша Ұлттық Банктің филиалына мынадай құжаттарды ұсынады:

банкiң филиалын есептiк тiркеу туралы куәлiктiң көшiрмесi;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әдiлет органдарында есептiк тiркеуден өткен банкiң филиалы туралы ереженiң көшiрмесi.";

30-тармақтың бiрiншi абзацы алынып тасталсын;

3 5 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "." деген белгi ";" деген белгiмен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) тиiстi органның айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның орналасқан жерiнiң өзгеруi туралы шешiмi қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде жаңа деректемелерiн көрсете отырып Ұлттық Банктің филиалына жазбаша хабарлайды.";

40-тармақтың екiншi абзацы ", бизнес-сәйкестендiру нөмiрi (бар болса)" деген сөздермен толықтырылсын;

44-тармақтың 3) тармақшасында "айырбастау пункттерiн" деген сөздер "шетел валютасымен айырбастау операцияларын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4 5 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) банк операцияларын жүргiзуге арналған үй-жайды тексеру актiсiнiң және дайындық дәрежесi туралы Ұлттық Банк филиалы актiсiнiң және (немесе) қорытындысының көшiрмелерi";

3) тармақша алынып тасталсын;

46-тармақтың бiрiншi абзацы алынып тасталсын;

51-тармақтың он бiрiншi абзацында "корреспонденттiк қатынасы" деген сөздерден кейiн "және (немесе) инкассалық операцияларды жүзеге асыру бойынша шарттық қатынастары" деген сөздермен толықтырылсын;

6 2 - т а р м а қ т а :

"(олардың филиалдары)" деген сөздер алынып тасталсын;

"нысан бойынша" деген сөздерден кейiн ", бар болған кезде филиалдардың операциялары есепке ала отырып жиынтық түрде" деген сөздермен толықтырылсын;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкiлеттi ұйым берген лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды немесе одан айыруды Ұлттық

Банктің филиалы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы 1-тармағының б), з) және к-1) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.";

67 - тармақта :

"қайтарып алынған" деген сөздер "айырған" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"айырбастау операцияларын" деген сөздердің алдында "шетел валютасымен" деген сөздермен толықтырылсын;

68 - тармақта :

"қайтарып алынған" деген сөздер "айырған" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"айырбастау операцияларын" деген сөздердің алдында "шетел валютасымен" деген сөздермен толықтырылсын;

69 - тармақта :

"7 (жеті)" деген цифр және сөз "10 (он)" деген цифрмен және сөзбен ауыстырылсын ;

"айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін берілген лицензияны қайтарып алу туралы" деген сөздер "шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін берілген лицензиядан айыру туралы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"облыстық" деген сөзден кейін "немесе қалалық" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - қосымшада :

"1. Жеке тұлғалар:" кестесі мынадай мазмұндағы тоғызыншы бағанмен толықтырылсын:

"

Жеке сәйкестендіру  
нөмірі (бар болса)

"

;

"2. Заңды тұлғалар" кестесі мынадай мазмұндағы тоғызыншы бағанмен толықтырылсын:

"

Бизнес-сәйкестендіру  
нөмірі (бар болса)

"

;

мынадай мазмұндағы 2-1-қосымшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында  
қолма-қол шетел валютасымен  
айырбастау операцияларын  
ұйымдастыру ережесіне  
2 - 1 - қ о с ы м ш а

(Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің аумақтық филиалының  
атауы) басшысы

(басшының аты-жөні)

Шетел валютасымен айырбастау операцияларын  
ұйымдастыру үшін лицензия алуға  
ө т і н і ш

(өтініш берушінің атауы)

Өтініш берушінің кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі  
бойынша коды \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің салық төлеушісінің тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен  
айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия беруді сұраймын.

Қоса берілген құжаттар:

1 .  
2 .  
3 .

. . . . .

Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы:

(лауазымы) (аты-жөні) (қолы)

200\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ Мөр орны";

3-қосымшадағы "және орналасқан жері" деген сөздер алынып тасталсын;

4-қосымшадағы "және орналасқан жері" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күн  
өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан  
Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу  
ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен жариялауға өтінім алған күннен бастап үш күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Д.Т. Ақышевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*